# АРЫСТАН ЕДІ-АУ, ИСАТАЙ!

**Жуырда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен қатар Исатай Тайманұлының 230 жылдығына орай Абай атындағы орталық кітапханада кітапхана ұжымы мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен «Парасат жолы» аясында «Арыстан еді-ау, Исатай!» атты танымдық іс-шарасы өтті.**




Іс-шараға кітапхана ұжымы мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығының оқытушылары мен тыңдаушылары қатысты. Дайындық орталығының аға оқытушылары Гүлнар Сейдахметова мен Байтақов Ұзақбай сөз алып, Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс жайында кеңінен тоқталып, көтерілістің негізгі себептерін тыңдаушыларға түсіндіріп, Тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін әңгімеледі. Дайындық орталығының аға оқытушысы Ғалым Қасымханұлы Тәуелсіздік пен батырлар жайындағы ой-толғаныстарын өлеңмен жеткізді.

Дайындық орталығының 7-ағылшын тобының тыңдаушылары Абдуғали Алия, Агабекова Нұргүл, Адилова Жансая және 4-топ тыңдаушысы Халмырзаева Балжан Исатай Тайманұлына арналған Махамбет Өтемісұлының жырларын кезек-кезек жалындата оқыды. Халмырзаева Балжан «Би күйі» деп аталатын сазды күйімен жұртты тебірентіп жіберді. Адилова Жансая «Күй-шашу» биіне мың бұралып билеп, тыңдаушыларды өнеріне тәнті етті.

Абай атындағы орталық кітапхана ұжымы Исатай Тайманұлына қатысты кітаптар мен суреттерден құралған көрмелерін оқырман қауыммен таныстырып өтті. Кітапхананың әдістеме бөлімінің меңгерушісі Сұлтанбек Раушан Тәуелсіздік үшін күрескен батыр бабаларымыз бен бүгінгі егемендігіміздің бақытты бейнесі жайында айта келіп, асқақ арманмен елге енді ғана оралған қандастарымыздың білім нәрімен сусындап, болашақ жоғары мамандық иелеріне айналып, елге елеулі еңбек етулеріне тілектестіктерін білдірді.

Сонымен қатар, Абай атындағы орталық кітапхана ұжымы дайындық орталығының іс-шараға атсалысқан ұстаздары мен өнер көрсеткен тыңдаушыларына ризашылықтарын білдіріп, Алғыс хаттарын табыс етті.


**Г.СЕЙДАХМЕТОВА,**
**Ұ.БАЙТАҚОВ,**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ, ЖОО-ға дейінгі дайындық орталығының аға оқытушылары,**
**С.ҚҰТБЕРГЕНОВА,**
**Абай атындағы Шымкент қалалық орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесінің қызметкері.**